

Г. Е. Мауленкулова*, З.А.Бигельдиева, А. Ғ. Сейданова

Э.ғ.к., доцент М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

Э.ғ.к., қауымдастырылған профессор М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

Магистрант М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

***Корреспондент авторы:** maylenkylova@mail.ru

АЗАМАТТАРДЫҢ ТАБЫСТАРЫН, МҮЛІКТЕРІ МЕН ШЫҒЫСТАРЫН ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ САЛЫҚ ДЕКЛАРАЦИЯЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ МОДЕЛІ

Түйін

Декларация жүйесі әлемнің көптеген елдерінде бұрыннан дамыған, бірақ ол біркелкі емес және әр елдің декларация жүйесінің өзіндік ерекшеліктері бар. Барлық елдердің декларация жүйелері бір бағытта яғни лауазымды тұлғаларды заңсыз байытудың алдын-алу мақсатында құрылады. Екінші жағынан, кірістер мен шығыстар туралы декларацияларды теориялық тұрғыдан міндетті түрде толтыру мемлекеттік органдардың тазалығының, ашықтығының көрсеткіші, олардың адал іс-әрекеті үшін ынталандыру болып, халықтың әлеуметтік осал топтарына атаулы әлеуметтік қолдауды жүзеге асырудың негізгі факторы болып табылады. Мақалада ҚР азаматтарының табыстарын, мүліктері мен шығыстарын жалпыға бірдей салық декларациялау жүйесі күрделі динамикалық жүйе ретінде қарастырылады. Халықтың табыстарын жариялау жүйесі көлеңкелі экономика деңгейін төмендету және қоғамдағы әлеуметтік әділеттілікке қол жеткізу мақсатында салық салу саласындағы субъектілер арасындағы өзекті карама қайшылықтарды шешуге көмектесетін құрал ретінде қарастырылған.

Кілттік сөздер салық, декларация, табыс, шығыс, мүлік, реттеу, заң, талдау, механизм

Кіріспе

Көлеңкелі экономиканың көлемін азайту мақсатында жеке тұлғалардың табыстарына салық салуды барынша әкімшілендіру міндетін шешудің маңызды шарты дамыған алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, халықтың табыстары мен мүлкін жалпыға бірдей декларациялау болып табылады.


Азаматтардың табыстарын жариялауға көшудің басымдылық берілетін мақсаттарына сыбайлас жемқорлық, көлеңкелі экономика көріністерімен күрес жүргізу және халықтың табыстары мен мүлкін тиімді бақылау жүйесін қалыптастыру, салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді жинауды қамтамасыз етудегі мемлекеттің рөлін күшейтеді. Декларация адамдардың заңсыз байытылуын алдын алуға және дер кезінде анықтауға әсер етіп, адамның ресми мүліктік жағдайы туралы деректерді бақылауға, жалақыға немесе басқа заңды көздерге қатысы жоқ ерекше активтерді немесе кірістерді анықтауға мүмкіндік беретін ақпарат жинауға арналған, бұл әсіресе сыбайлас жемқорлықты қабылдау деңгейі жоғары елдерде Transparency International сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұйымның индексіне сәйкес болуы қажет. Сонымен қатар жалпыға бірдей декларациялау фискалдық құрал ғана емес, ол мемлекеттік қолдаудың әділетті саясатын құру үшін халықтың әлеуметтік осал топтарын анықтауға мүмкіндік беретін құрал. Елімізде қабылданған жалпыға бірдей декларациялау заңында осы жүйені енгізуді қамтамасыз ету бойынша

- барлығына бірдей табыстарын, шығыстарын енгізудің әдістемелік негіздерін дайындау;
- мемлекет тарапынан халыққа әдістемелік көмек ұсыну;
- мемлекеттік органдарды азаматтардың табысы мен шығындарын, мүлкін жариялау іс-әрекетін қабылдау мен өңдеуді дайындау бойынша іс-шаралар кешенін ұйымдастыру;
- жарияланған табыстар, шығыстар, мүліктерді камералдық бақылаудың тиімді жүйесін қалыптастыру.

- барлығына бірдей табыстарын жариялау жүйесіне көшу мәселелері бойынша халықтың ақпараттармен таныстырылуын қамтамасыз ету;
- табыс пен мүлікті жария ету бойынша халыққа барынша қолайлы жағдай жасау сияқты негізгі міндеттер қамтылған.

Теориялық талдау. Жалпыға бірдей салық декларациялау жүйелерін модельдеу және құрылымдау қазіргі ғылымның күрделі әдіснамалық мәселелерінің бірі болып табылады. Қазақстан үшін бұл мәселелерді зерттеу әсіресе салық жүйесінің қалыптасуы барысындағы, экономикалық қызметтің үнемі күрделенуіне, экономикадағы кәсіпкерлік қызметтің, инновацияларды жүзеге асыруда тәуекел деңгейінің жоғары болуына, ақпараттандыру мен цифрландырудың, салық жүйесіне тәуелділігі жағдайында өзектілігі артырп отыр. Отандық ғалымдардың пікірінше Қазақстандағы қалыптасқан салық жүйесінің реттеушілік қызметі қайта бөлуэлементтерімен сипатталатынын анықтайды[1].

Бүгінгі таңда жүйелік тәсіл ғылыми талдау мен ойлаудың ерекше әдісі ретінде қарастырылады. Азаматтардың кірістері мен шығыстарын салықтық декларациялаудағы жүйелік тәсілдің мәні салық төлеушілер, салық органдары және олардың өзара әрекеттесуі туралы тұтас жүйе ретінде қарастыру. Салық салу саласындағы объектілер мен субъектілер арасындағы қайшылықтарды шешуге әкелетін мақсаттарға қол жеткізу құралы ретінде қарастырылады. Салық жүйесіндегі барлық элементтер үнемі өзара әрекеттеседі. Салық жүйесіндегі байланыстардың алуан түрлілігі мен қоғамдағы ғылыми-техникалық және әлеуметтік-экономикалық даму үрдісінің күрделенуінен басқару буындары тарапынан жекелеген ішкі қатынастарды егжей-тегжейлі реттеу тиімсіз болғандықтан жүйе элементтерін ақпараттандыру және цифрландыру процестеріне басымдық беру қажеттілігіне әкеледі. Азаматтардың табыстарын, мүліктері мен шығыстарын жалпыға бірдей салықты декларациялау жүйесі бұл бір жағынан ішкі жүйені қамтамасыз ететін азаматтардың кірістері, шығыстары, мүлкі, және қаржылық міндеттемелерін, екінші жағынан, салық салу жүйесінің мақсаттары мен міндеттерін орындау мен жүйенің өміршендігін қамтамасыз ететін бірқатар құрылымдық элементтерді қамтиды. Бұл құрылымдық элементтер сурет 1-де көрсетілген.



Сурет 1- Кірістер мен шығыстарды декларациялау жүйесінің құрылымдық элементтері

Азаматтардың табыстарына салық төлеушінің табысына кірістердің барлық түрлері заңды тұлға үшін ҚР салық кодексінің 690 – бабының 3 – тармағында көрсетілген, ал жеке кәсіпкер үшін ҚР салық кодексінің 690-бабының 3 және 4-тармақтарында көрсетілген, оның ішінде дивидендтер 1-баптың 16-тармағы ҚР салық кодексінің, барлық төлемдер (сыйақылар) ҚР салық кодексінің 1-бабының 62-тармағы, ұтыстар-елдегі ең төменгі

жалақының 50% - нан асатын сомадан заттай және ақшалай мәндегі табыстың кез-келген түрі ҚР салық кодексінің 1-бабының 72-тармағы кіреді.

ҚР салық кодексіндегі азаматтардың шығыстарының тізбесі нақты анықталмаған, алайда заңнамалық нормаларды үздіксіз талдау салық төлеушінің – жиынтық табысына ҚР-да да, одан тыс жерлерде де жылжымалы және жылжымайтын мүлікті сатып алу бойынша құжатталған кез-келген шығындарын жатқызамыз. Құны шетел валютасымен көрсетілген салық төлеушінің шығыстар құны теңгемен көрсетілген шығыстармен бірге есепке алынады, бұл негізінен үлкен шығындар туралы екенін есте ұстаған жөн. Азаматтардың мүлкіне мыналар жатады:

-ҚР аумағында және одан тыс жерлерде орналасқан тұрғын үйлер, ғимараттар, саяжай құрылыстары, оларға меншік құқығымен тиесілі өзге де құрылыстар, үй-жайлар жеке тұлғалардың мүлкі болып табылады,оның ішінде ҚР салық кодексінің 322-324-баптарында көрсетілген кірістерді және тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатудан түскен кірістерді қоспағанда, заңды тұлға өзінің акционеріне, қатысушысына, құрылтайшысына немесе олардың өзара байланысты тарапына беретін кез-келген мүлік пен материалдық пайда (ҚР салық кодексінің 1-бабының 16-тармағы);

-жеке тұлғаның жеке мүлкі (ҚР салық кодексінің 1-бабының 21-тармағы);

- инвестициялық алтын (ҚР салық кодексінің 1-бабының 27-тармағы);

-бағалы қағаздар(ҚР салық кодексінің 1-бабының 31-тармағы);

-өтеусіз негізде берілетін мүлік (ҚР салық кодексінің 1-бабының 38-тармағы);

-қатысу үлесі- бұл заңды тұлғаның жарғылық капиталында үлесіниеленуі (ҚР салық кодексінің 1-бабының 39-тармағы) және заңнамамен салық салу объектісі ретінде танылған өзге де мүлік[2].

Азаматтардың табыстарын, мүліктері мен шығыстарын жалпыға бірдей салықтық декларациялау жүйесі құрылымының негізін мемлекеттік салық саясатының жүзеге асырылуын қолдайтын қоғамдық көзқарас болып табылады .Азаматтардың табыстарын, мүліктері мен шығыстарын жалпыға бірдей салықтық декларациялау жүйесі құрылымдық, иерархиялық, функционалдық сияқты үш жүйелік тұжырымдаманы қамтитын мемлекеттік жүйе ретінде ұсынылады.

Қаржылық міндеттемелер туралы есептерінде жеке тұлғалардың несиелері, қарыздары, алименттерімен басқа да қаржылық міндеттемелерге қатысты міндеттемелерін көрсетуі керек. Бұл бөлімде банктерде және өзге де кредиттік ұйымдарда есепті күндегі жағдай бойынша өзіне қатысты анықтама ұсынылатын тұлғаның атына жасалған азаматтық-құқықтық шарт негізінде ашылған барлық шоттар туралы ақпарат беріледі[3].

Нәтижелер мен талқылау. Азаматтардың табыстарын, мүліктері мен шығыстарын жалпыға бірдей салықты декларациялау жүйесінің қызметі -бұл салықтық бақылау мен реттеудің әдістері мен формаларының жиынтығы. Оның негізгі:

- заңнамалық;

- болжамдық;

- реттеуші;

- сараптамалық;

-қадағалау сияқтыбес қызметі бар.

Жүйенің аталған қызметтеріне сәйкес оның элементтерінің арасында өзара алмасымдылық қағидасы негізінде орнатылған тығыз байланыс болады. Сәйкесінше азаматтардың табыстарын, мүліктері мен шығыстарын жалпыға бірдей салықтық декларациялау жүйесінің күрделі динамикалық жүйе болуына байланысты көптеген элементтердің жиынтығын қалыптастырады.

Бірінші элементі салықтардың түрлеріне жеке табыс салығы, мүлікке - жер салығы, мүлік салығы, көлік құралдарына салынатын салықтар жатады.

Екінші элементі салық төлеушілерге жеке тұлғалар, заңды тұлғалар, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, зейнеткерлер, мемлекеттік қызметкерлер жатады.

Үшінші элементі бақылаушы органдарға ҚР Қаржы министрлігі, Мемлекеттік кірістер комитеті және оның аумақтық органдары, әкімдіктер кіреді. Жүйенің қызметін бақылауды

мемлекеттік бақылау институттары ҚР Үкіметі, ҚР Бас прокуратурасы, ҚР ҰҚК, ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, ҚР Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті, ҚР Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі, ҚР Ұлттық Банкі жүзеге асырады.

Төртінші элементі нормативтік-құқықтық қамтамасыз етілуі құрылымына ҚР салық кодексі, әкімшілік, еңбек, азаматтық, қаржылық, қылмыстық құқық нормалары, жоғары сот органдарының шешімдері кіреді.

Бесінші элемент ақпараттық-талдамалық ресурстар көздері түрлі сараптамалық және талдамалық мәліметтер, деректер, бағдарламалық ақпараттық жүйелер, онлайн ресурстарды, қосымшаларды қамтиды.

Азаматтардың табыстарын, мүліктері мен шығыстарын жалпыға бірдей салықтық декларациялау жүйесінің ақпараттық-талдамалық жүйесі ішкі кірістер қызметі өзі жинайтын және үшінші тарап көздерінен алынатын болып екі түрге бөлінеді. Ақпараттар негізінен салық төлеушілерден, салық агенттерінен, екінші деңгейлі банктерден, қазынашылық органдардан, билік және басқару органдарынан алынады. Екінші деңгейлі банктер салық органдарының сұрауына сәйкес салық төлеушілердің шоттарындағы ақша қаражатының қозғалысы туралы толық ақпаратты дер кезінде ұсынуға міндетті. Жалпыға бірдей декларациялау шеңберінде қазақстандық ЖТС төлеушілер салық қызметіне төрт салық нысанының бірін ұсынуы тиіс:

1."Жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша Декларация (200.00-нысан)";

2."Жеке табыс салығы бойынша Декларация (220.00-нысан)";

3."Жеке табыс салығы және мүлік бойынша Декларация (230.00-нысан)";

4."Жеке табыс салығы бойынша Декларация (240.00-нысан)»;

5."Жеке тұлғаның активтері мен міндеттемелері туралы Декларация (250.00-нысан)"(ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 2020 жылғы 20 қаңтардағы № 39 бұйрығымен бекітілген)[4];

6."Жеке тұлғаның кірістері мен мүлкі туралы Декларация (270.00-нысан)" (ҚР Қаржы министрінің 2021 жылғы 13 қыркүйектегі №927 бұйрығымен бекітілген).

Салық нысандарының әрқайсысында оны толтыру бойынша егжей-тегжейлі нұсқаулар бар. Атап айтатын болсақ, мемлекеттік қызметтердің онлайн-порталында 01.12.2020 жылдағы жағдай бойынша 250.00 нысанына сәйкес декларация беру нысаны орналастырылды. Азаматтар бұл қызметті 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап пайдалана алады. Ішкі кірістер қызметінің дерекқорлары ашық және жабық болуы мүмкін. Бұл жүйе салық төлеушілердің төрт тобы арасында, яғни жеке тұлғалар, заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер және жеке практикамен айналысатын адамдарды ТАӘ, ЖСН, БСН бойынша іздеуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Алтыншы элемент ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етудің құрамдас бөліктеріне арнайы журналдар, сауалнамалық анкеталар, салық төлеушілерге арналған әдістемелік материалдар мен түсініктемелер, салық агенттері үшін әдістемелік ұсынымдары қарастырылады.

Жетінші элементі "Аудит" қадағалау ұйымдары өкілдерінен ұйымаралық комитет құруды қарастырады, оның құзіретіне бақылау, сараптамалық-талдау міндетін жүргізу арқылы азаматтардың табыстарын, мүліктерін, шығыстарын жалпыға бірдей салықтық декларациялау жүйесінің аудитін жүзеге асыру кіреді.

Қорытынды

Азаматтардың табыстарын, мүліктері мен шығыстарын жалпыға бірдей салықтық декларациялау жүйесі үш стратегиялық тапсырманы орындауға арналған: бюджетке салық жинауды арттыру, салық жүйесін ашық және әділ ету, салық төлеушілерді адал мінез-құлыққа ынталандыру. ҚР салық кодексінде салық салудың қағидаларына міндеттілігі, айқындылығы, әділдігі, адалдығы, жүйенің бірлігі мен жариялылығы жатады. Осы қағидаларға сәйкес азаматтардың табыстарын, мүліктері мен шығыстарын жалпыға бірдей салықтық декларациялау жүйесі әділеттілік, әмбебаптық, еріктілік сияқты негізгі қағидаларға негізделуі керек деп санаймыз[5].

Салық салу жүйесіндегі әділеттілік қағидаты Қазақстанның салық жүйесінің басты қағидаты болуға тиіс. Құбылмалы нарықтық конъюнктура жағдайында Қазақстанның барлық азаматтары бірыңғай 10% -дық мөлшерлеме бойынша жеке табыс салығын төлетіп отыр[6]. Шын мәнісінде бүгінгі таңда әрбір салық төлеуші өзінің кірісі мен мүмкіндігіне сәйкес салық төлейді деген әділеттілік қағидасы сақталмай отыр

"Адалдықты" көрсету үшін салық төлеушінің салық төлеуден жалтаруға, алаяқтық жолмен салықты қайтаруға, өзге де заңсыз пайда алуға ниеті болмауы тиіс. Салық төлеушілердің адалдық танытпау проблемасы себептерінің бірі ҚР салық кодексында белгіленген салық дауларын қарау тетігі болып табылады [7]. Сотталушы ретінде әрекет ете отырып, салық төлеуші ақталу жағдайында өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге мәжбүр. Сондықтан ҚР салық кодексі белгілеген салық дауларын реттеу рәсімі қайта қарауды талап етеді. Сонымен қатар, бақылаушы органдардың қызмет тиімділігінің көрсеткіштері құқық бұзушылықтардың барынша кең көлемін анықтауболғандықтан, жағдай жалпыға бірдей декларациялаудың енгізілуімен өзгеруі керек.

ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 12-бабының 1-тармағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған жеке тұлғаның кінәсі дәлелденгенге дейін кінәсіз деп танылғанын анықтайды.Тиісінше, дәл осындай норма Қазақстан Республикасысалық кодексында да болуы тиіс. Жалпыға бірдей декларациялаудың ынталандырушы функциясы нақты көрінетін салық органдарымен белсенді ынтымақтастық, бұрын салықтық құқық бұзушылықтарының болмауы,салық төлеушінің декларациялау жөніндегі өз міндеттерін адал, тиянақты орындауы сияқты нормалар енгізілуі қажет. Азаматтардың табыстарын, мүліктері мен шығыстарын жалпыға бірдей салықтық декларациялау жүйесі компоненттерінің тізімі жан-жақты қарастырып, жаңа жүйенің жалпы сипатын анықтадық, жалпыға бірдей салықты декларациялау жүйесін енгізудің механизмін оңтайландыру қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Tinbergen J., Polak J.J. The Dynamics of Business Cycles. – Chicago: UniversityofChicagoPress, 1950. – 366 p.
2. Шаблоны форм налоговой отчетности на 2020 год для клиентского приложения СОНО дляналогоплательщиков// Доступно на: <https://www.gov.kz/memleket/entities/kgd/press/article/details/1347?lang=ru>. 30.12.2024.
3. Закон Республики Казахстан. О противодействии коррупции: принят 18 ноября 2015 года, №410-V ЗРК // Доступно на: <https://adilet.zan.kz/rus/docs>. 25.02.2020.
4. Кодекс Республики Казахстан. О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый кодекс): принят 25 декабря 2017 года, №120-VI ЗРК (ред. от 30.05.2020)
5. Explaining the Shadow Economy in Europe: Size, Causes and Policy Options: December 13, 2019 //Доступно на: <https://www.imf.org/en/Publications>. 30.12.2024.
6. Шмелев Ю.Д. Гармонизация подоходного налогообложения физических лиц в странах Евразийского экономического союза // Вестник университета. – 2019. – №3. – С. 120-126.
7. Tax Expenditures/ U.S. Department of the Treasury, Office of Tax Analysis// Доступно на: <https://home.treasury.gov/system/files/131/Tax-Expenditures>. 10.03.2020.

Г. Е. Мауленкулова*, З. А. Бигельдиева, А. Г. Сейданова

Кандидат экономических наук, доцент, ЮКУ им. М. Ауэзов, Шымкент, Казахстан

Кандидат экономических наук, доцент, ЮКУ им. М. Ауэзов, Шымкент, Казахстан

Магистрант, ЮКУ им. М. Ауэзов, Шымкент, Казахстан

***Корреспондент авторы:maylenkylova@mail.ru**

**МОДЕЛЬ СИСТЕМЫ ВСЕОБЩЕГО НАЛОГОВОГО ДЕКЛАРИРОВАНИЯ
ДОХОДОВ, ИМУЩЕСТВА И РАСХОДОВ ГРАЖДАН**

Аннотация

Система деклараций давно развита во многих странах мира, но она неоднородна и система деклараций каждой страны имеет свои особенности. Декларационные системы всех стран выстраиваются в одном направлении, то есть с целью предотвращения незаконного обогащения должностных лиц. С другой стороны, теоретически обязательное заполнение деклараций о доходах и расходах является показателем чистоты, открытости государственных органов, стимулом для их добросовестных действий и основным фактором осуществления адресной социальной поддержки социально уязвимых слоев населения. В статье рассматривается система всеобщего налогового декларирования доходов, имущества и расходов и обязательства граждан Республики Казахстан как сложная динамическая система. Система объявления доходов населения рассматривается как инструмент, помогающий разрешить актуальные противоречия между субъектами в сфере налогообложения с целью снижения уровня теневой экономики и достижения социальной справедливости в обществе.

Ключевые слова: налог, декларация, доходы, расходы, имущество, Регулирование, Закон, анализ, механизм

G. E. Maulenkulova*, Z. A. Bigeldieva, A. G. Seidanova

Candidate of Economic Sciences, Associate Professor M. Auezov, Shymkent, Kazakhstan

Candidate of Economic Sciences, Associate Professor M. Auezov, Shymkent, Kazakhstan

Master's student M. Auezov, Shymkent, Kazakhstan

***Correspondent авторы:** maylenkylova@mail.ru

MODEL OF THE SYSTEM OF UNIVERSAL TAX DECLARATION OF INCOME, PROPERTY AND EXPENSES OF CITIZENS

Abstract

The declaration system has long been developed in many countries of the world, but it is not uniform, and the declaration system of each country has its own characteristics. Declaration systems of all countries are created in one direction, that is, in order to prevent illegal enrichment of officials. On the other hand, the theoretically mandatory filling of income and expense declarations is an indicator of cleanliness, transparency of government institutions and motivation for conscious behavior. This is the main element of the implementation of social support aimed at socially vulnerable groups of the population. The article considers the system of universal tax declaration of income, property and expenses of citizens of the Republic of Kazakhstan as a complex dynamic system. In it, objects are considered as a means of achieving goals that entail the resolution of urgent contradictions between subjects in the field of taxation in order to reduce the level of the shadow economy and achieve social justice in society.

Keywords: tax, declaration, income, expense, property, Regulation, Law, Analysis, mechanism

Қатынасхаттар үшін жауапты автор туралы ақпарат:

Мауленкулова Г. Е. 87017751295,

e-mail: maylenkylova@mail.ru

Information about the author responsible for contacts:

G. E. Maulenkulova 87017751295,

e-mail: maylenkylova@mail.ru

Информация об авторе, ответственном за сообщения:

Мауленкулова Г. Е. 87017751295,

e-mail: maylenkylova@mail.ru